

Тақырыбы:

ҚР-дағы инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық базасы



Тексерген: п.ғ.к аға оқытушы Нургалиева Д.А

Орындаған: 4 курс студенті Ерболат Н.Е

▶ Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқығы көп уақыт бойы халықаралық қауымдастықтың назарында болып келді. Қазіргі уақытта көтеріліп отырған жалпы проблемаға байланысты біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан Адам құқығы туралы декларация, Мүгедектердің құқығы туралы декларация, Ақыл-ой дамуы кешеуілдеген тұлғалардың құқығы туралы декларация, Бала құқығы туралы конвенция, Мүгедектердің мүмкіндігі мен ережелерін сақтаудағы тең құқығын сақтаудың стандартты ережелері түріндегі бірқатар нормативтік құжаттар жасақталған.

► 1989 жылғы 20 қарашадағы Бас Ассамблеяда Бала құқығы туралы конвенция қабылданып, баланың мүмкіндігін әлемдік деңгейде сақтай білу, оны дамытудың қажеттілігі қабылданды. Конвенцияның негізгі мақсаты - максималды түрде баланың қызығушылығын сақтау. Конвенцияның ережелері маңызды төрт талап негізінде (өмір сүруге қабілеттілік, даму, қорғау, қоғамдағы белсенді өмір сүруін қамтамасыз ету) қарастырылды. Конвенцияның 23-ші бабында «мүмкіндігі шектеулі баланың өмір сүруіне жағдай жасау» туралы мәселелер көтеріледі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы, кәсіби еңбекке дайындығы, оларға медициналық көмек көрсету, денсаулығын нығайтудағы қажеттіліктердің қанағаттандырылуы туралы баса айтылады.

▶ Саламандық декларацияда (1994) «инклюзия» - бұл білім беруді дамытудағы басты бағыт деп есептеген. Инклюзивті білім беру жүйесінің ерекшелігі әрбір баланың қажеттілігі мен мүмкіндігіне қарай бейімделуге міндетті, бірақ жалпы білім беру мектептерде біріктіріп оқытумен қатар кейбір балалар арнайы мекемелерде білім алады. Жоғарыда аталған халықаралық құжаттарды жүзеге асыру нәтижесінде тоқсаныншы жылдары білім беру жүйесінде «инклюзия», «инклюзивті білім беру», «инклюзивті амал» бағыттары дами бастады.

Қазақстан Республикасының арнайы білім беру жүйесі 90-шы жылдарда мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімделуін жетілдіру мақсатында халықаралық құқықтық актілер қабылданды, олар “Бала құқықтары туралы Конвенция” (1989) және “Мүгедектердің құқықтарының тепе-теңдігін қамтамасыз ету туралы ережелер” (1993), білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім беру және жағдайын реттеу үшін “Саламандық декларация” (1994).

- ▶ 2002 жылғы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау туралы» заңы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, еңбек және кәсіби даярлығына байланысты проблемаларды шешуде тиімді жүйені құруға бағытталған қолдау көрсетудің әдістері мен формасын анықтайды.
- ▶ Заңда мүмкіндігі шектеулі баланың лайықты өмір сүруін қамтамасыз етудің арнайы жағдаяттары қарастырылған:
- ▶ жалпы кешенді медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік тексеріс пен кәсіби диагностика жасау, оңалтудың жеке бағдарламасын құрастыру, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызмет көрсету мен кәсіби еңбекке үйрету жолдарымен туғаннан бастап кәмелет жасқа келгенше көмек көрсетіледі;
- ▶ мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте жастан анықтаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесі мен Республика бойынша балалардың даму мониторингісін құру;
- ▶ арнайы әлеуметтік, медициналық және білім беру қызмет көрсету мекемелерінің дамуы;
- ▶ мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға кіріктіру;
- ▶ мүмкіндігі шектеулі баланың отбасына әлеуметтік қолдау көрсету;
- ▶ мекемені ғылыми және ұйымдастырушылық-әдістемемен, кадрлармен қамтамасыз ету.

- ▶ Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді Мемлекеттік бағдарламасында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастырудағы басты мәселелерді шешу жолдары айқын көрініс тапты. Олар төмендегідей:
- ▶ Арнайы білім беру ұйымдарын, түзету және инклюзивті білім беру кабинеттерін, арнайы балабақша және мектеп, ата-аналарға кеңес беру пунктерін сақтай және кеңейте отырып ерте жастан түзете-педагогикалық қолдау көрсету.
- ▶ Білім беру жүйесінде білім алуға мүмкіндігі жоқ, үй жағдайында білім алатын мүмкіндігі шектеулі балаларды қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және жеке бағдарлама құрастыру.
- ▶ Мұғалімдердің қазіргі таңдағы жаңа технологиялық құралдармен жұмыс жасау біліктілігін арттыруда және жаңа білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігін дамытуда қайта даярлану мен арнайы курстардан өткізу.
- ▶ Балабақша және жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі әр балаға «тосқауылсыз» жағдай мен ортаны құру.

▶ Халықаралық құжаттар:

▶ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы

▶ Бала құқықтары туралы Конвенция (Нью-Йорк, 20 қараша 1989 ж.)

▶ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 13 желтоқсан, 2006 жыл)

▶ Балалардың өмір сүруі, қорғанысы мен дамуын қамтамасыз ету туралы дүниежүзілік декларация

▶ Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы:

▶ "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытундың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығындағы өзгерістер енгізу туралы.

▶ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

▶ Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заң

▶ Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Заң

▶ Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Заң

▶ Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы Заң

▶ Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы

▶ Арнайы білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің мынадай үлгілік қағидалары олардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыру

Заңға қосымша актілер:

- Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 13 қарашадағы № 398-V ҚРЗ
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
- "2016-2017 Оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы" Әдістемелік нұсқау
- «Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы
- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343
Заңы 5 тарау 19 баптан тұрады

МАЗМҰНЫ

Осы Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды, дамуында кемістігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған. Бұл 5 тарау, 19 баптан тұрады.

▶ **1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

▶ **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар**

▶ **2-бап. Қазақстан Республикасының кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық жағынан түзеу арқылы қолдау туралы заңдары**

▶ **3-бап. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау, оның мақсаттары, міндеттері мен принциптері**

▶ **2-тарау. КЕМТАР БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ**

▶ **4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

▶ **5-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

▶ **6-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

▶ **7-бап. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

▶ **8-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті**

▶ **3-тарау. КЕМТАР БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ**

▶ **9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар**

▶ **10-бап. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар**

▶ **11-бап. Кемтар балаларға білім беруді ұйымдастыру**

▶ **12-бап. Мемлекеттік статистикалық есептілік**

▶ Ескерту. 12-бап алынып тасталды - ҚР 2010.03.19 [№ 258-IV](#) Заңымен.

▶ **13-бап. Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау ісін қаржыландыру**

▶ **14-бап. Кемтар балаларды еңбекке даярлау және оларға кәсіби білім беру**

▶ **4-тарау. КЕМТАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

▶ **15-бап. Кемтар балалардың құқықтары**

16-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды

өкілдерінің құқықтары

17-бап. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды

өкілдерінің міндеттері

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18-бап. Қазақстан Республикасының кемтар балаларды

әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу

арқылы қолдау саласындағы заңдарын бұзғаны үшін

жауаптылық

19-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция (Нью-Йорк, 13 желтоқсан, 2006 жыл) 50 баптан

76-шы жалпы отырыс,
2006 жылғы 13 желтоқсан

- ▶ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция
- ▶ Кіріспе
- ▶ 1-бап
Мақсат
- ▶ 2-бап
Анықтамалар
- ▶ 3-бап
Жалпы принциптер
- ▶ 4-бап
Жалпы міндеттемелер
- ▶ 5-бап
Теңдік және кемсітпеу
- ▶ 6-бап
Мүгедек әйелдер

- ▶ **7-бап**
Мүгедек балалар
- ▶ **8-бап**
Ағарту-тәрбие жұмысы
- ▶ **9-бап**
Қол жетімділік
- ▶ **10-бап**
Өмір сүру құқығы
- ▶ **11-бап**
Қатерлі жағдайлар мен төтенше гуманитарлық жағдайлар
- ▶ **12-бап**
Заң алдындағы теңдік
- ▶ **13-бап**
Сот төрелігіне қол жеткізу
- ▶ **14-бап**
Еркіндік және жеке басына қол сұқпаушылық т.б
- ▶ **Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативті хаттама (Нью-Йорк, 13 желтоқсан, 2006 жыл)**

*Осы хаттамаға қатысушы мемлекеттер төмендегілер туралы келісті:
18 баптан тұрады*

Назарларыңызға рахмет!!!

